

"Сарыарқа" арнайы экономикалық аймағының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 277 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 18 тамыздағы № 641 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Сарыарқа" арнайы экономикалық аймағының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 277 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Сарыарқа" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Сарыарқа" арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – АЭА) қоса беріліп отырған жоспарға сәйкес Қарағанды облысының аумағында Қарағанды қаласының және Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданының әкімшілік-аумақтық шекаралары шегінде орналасқан.

АЭА порттық арнайы экономикалық аймақ болып табылады.

АЭА аумағы "Сары-Арқа" әуежайын қоса алғанда, 1271,626 гектарды құрайды және Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады.";

"Сарыарқа" арнайы экономикалық аймағы шекарасының жоспары осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген "Сарыарқа" арнайы экономикалық аймағының нысаналы индикаторлары осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 18 тамыздағы
№ 641 қаулысына
1-қосымша
"Сарыарқа" арнайы
экономикалық аймағы туралы
ережеге қосымша

"Сарыарқа" арнайы экономикалық аймағы шекарасының жоспары



Р/с №	Аймақтардың атауы:	Ауданы, гектар
1.	"Сарыарқа" арнайы экономикалық аймағы	898,97
2.	"Кремний алқабы" № 1 қосалқы аймағы	60,11
3.	"Сары-Арқа" әуежайы" № 2 қосалқы аймағы	312,5460
	Жиыны:	1271,626

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 18 тамыздағы
№ 641 қаулысына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 28 сәуірдегі
№ 277 қаулысымен
бекітілген

"Сарыарқа" арнайы экономикалық аймағының нысаналы индикаторлары

Р/с №	Мақсаттар, міндеттер және көрсеткіштер (атауы)	Өлшем бірлігі *	Базалық кезең (2024 жыл)	2030 жылға қарай қол жеткізілетін нысаналы индикатор	2035 жылға қарай қол жеткізілетін нысаналы индикатор	2036 жылға қарай қол жеткізілетін нысаналы индикатор
1	Инвестициялардың жалпы көлемі, оның ішінде:	млрд теңге	198,3	564,1	633,1	677,2

1.1.	шетелдік инвестициялар көлемі	млрд теңге	41,1	84,9	130,4	144,5
1.2.	отандық инвестициялар көлемі	млрд теңге	157,2	479,2	502,7	532,7
1	2	3	4	5	6	7
2	Тауарлар мен көрсетілетін қызметтер (жұмыстар) өндірісінің көлемі	млрд теңге	230,9	1168,8	1386,9	1552,2
3	Қатысушылардың саны	компаниялар	25	31	37	39
4	Қосалқы қызмет түрін жүзеге асыратын тұлғалардың саны	адам	35	65	75	85
5	Жұмыс орындарының саны	адам	1208	3672	4200	4500
6	Өндірістің жалпы көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі	%	55	60	65	70

* - индикаторлардың көрсеткіштері өсу қорытындысымен келтірілген.